Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 шілдедегі N 1184 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 наурыз N 320. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.04. N 206 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 шілдедегі N 1184 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

1) Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Жандосов Ораз Әлиұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Ахметов Әшімжан Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Имашева Сағадат Оңғарбайқызы - Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің бөлім бастығы, жауапты хатшы

2) көрсетілген құрамнан Ержан Әбілқайырұлы Өтембаев, Қырымбек Елеуұлы Көшербаев, Мырзақасым Ниязбекұлы Байбеков шығарылсын;

3) мынадай жолдар:

"Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика министрі

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК